**Жалпы білім беретін Айнабұлақ негізгі мектебі**

**КЕЛІСІЛДІ**
Аудан білім бөлімінің
басшысы: А.К.Касимова

**БЕКІТЕМІН**
ЖББ Айнабұлақ негізгі мектеп
директоры: Б.Н.Ахметкалиев

# Жалпы білім беретін Айнабұлақ негізгі мектебінің 2020-2025 жылдарға арналған мектепті дамытудың

# БАҒДАРЛАМАСЫ

**Айнабұлақ, 2020**

# ТҮСІНІК ХАТ

Мектепті дамыту бағдарламасы (әрі қарай-Бағдарлама) - білім беру ісіндегі мектептің өзіне тән мазмұнын және оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылу ерекшеліктерін сипаттайтын нормативтік басқару құжаты. Бағдарламаны өзгерістер бағдарламасы деуге болады, яғни ол білім беру мекемесінің қиындықтан сәтті шығуын және мемлекеттің, қоғам мен тұлғаның өзгеріп жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет.

Бағдарламаның негізгі міндеті – мектеп ұжымын оны дамытудың мақсатына жаппай жұмылдыру және үйлестіру. Бағдарламаны жасаудың маңызды бір міндеті осы білім беру мекемесі үшін 3-5 жыл бойы мәнді болып табылатын тақырып таңдау .

Бағдарлама мынадай сұрақтарға жауап беруі тиіс:

- Мектептің бүгінгі жетістіктері қандай, оның әлсіз және күшті жақтары қайсы,ондағы проблемалардың мәні неде?
- Мектеп пен оның бітірушілерін 4-5 жылдан кейін қандай күйде көруді қалаймыз?
- Мектептің бүгінгі жағдайынан өзіміз қалайтын болашақтағы күйіне сәтті өтуі үшін не істеу керек және қалай істеген дұрыс?

Яғни стратегиялық менеджмент тұрғысынан алғанда :

- Қазір мектеп қай деңгейде?
- Болашақта қай деңгейде болуға тиіс?
- «Мектеп қазіргі күйінен болашақтағы күйіне өтуі үшін не істеу қажет?» деген сұраққа жауап беріледі.

Бағдарламаны жалпымектептік жұмыс жоспарының ерекше бір түрі ретінде қарастыруға болады. Жалпы мектеп жоспарының басқа да түрлері сияқты, даму жоспары міндетті түрде талдау негіздемесінен, мақсаттар мен міндеттер қоюдан, мақсатқа жету үшін сәйкес құралдарды таңдаудан, маңызды әрекеттер мен шараларды жоспарлаудан, олардың орындалу мерзімдерін белгілеу мен мәселелерді шешудің кезең-кезеңдерін анықтаудан, жауаптыларды белгілеуден және бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелерден, т.б. тұрады.

Ұсынылып отырған **Мектепті дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы** Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Бағдарламада жылдар бойынша кезеңдерге бөлінген, нақты мақсат қойылған, атқарылатын мерзімді жұмыстар жүйеленген, кадрлар мен оқушыларға арналған кезеңді іс-әрекеттер, оқу – тәрбие процесіндегі нақты мінде ттер, жергілікті бюджет бойынша бөлінген қаржы, мұғалімдердің сапалық құрамы, күтілетін нәтижелер енгізілген.

Осы бағдарламаны орындаудың әрбір кезеңіне, яғни 2020-2025 оқу жылдарына арналған қысқа мерзімді жоспар жасақталады. Әрбір кезең SWOT-талдама арқылы қорытындыланып отырады.

Жоғарыда атап өтілген талаптардың орындалуы – бағдарламаның жүзеге асырылуын тиімді басқарудың қажетті шарты болып табылады.

Жасалған мектепті дамыту бағдарламасы педагогикалық ұжымда талқыланып, мұғалімдердің ұсынбалары бойынша түзетіліп, алқалы орган - педагогикалық кеңесте оған мүмкіндігінше оқушылардың өзін-өзі басқару органы, қамқоршылық кеңес, т.б. өкілдері шақырылып, бекітілуі тиіс.

Мектепті дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы аудандық білім беру бөлімінің дамыту жоспары мен мектеп ұжымымен бірлескен талдауы бойынша әзірленді.

1.**Бағдарламаның төлқұжаты**

| | |
|---|---|
| **Бағдарламаның аты** | ЖББ Айнабұлақ негізгі мектебінің даму бағдарламасы |
| **Мақсаты** | Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру |
| **Әзірлеу үшін негіздеме** | "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;<br>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласы;<br>"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы;<br>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы;<br>"Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;<br>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауы;<br>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы;<br>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы 23 қаңтардағы Жастар жылының ашылуында және 2019 жылғы 27 ақпандағы "Nur Otan" партиясының XVIII съезінде берген тапсырмасы;<br>Қазақстан Республикасы Президентінің "Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу" сайлауалды бағдарламасын және "Бірге" жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 27 Жарлығы;<br>Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы.<br>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988қаулысы |
| **Бағдарламалық мақсаттар** | - Білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;<br>- Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту;<br>- Жаңартылған білім беру мазмұнын жетілдіре отырып, оқушыларды функционалдық сауаттылыққа үйрету;<br>- «Өмірлік білім алу» тұжырымдамасынан «өмір бойы білім алу» тұжырымдамасына қарай өтуге және білімді үнсіз тыңдаудан ынталылыққа, білімнен құзіреттілікке бағыттау; |

| | |
|---|---|
| | - Жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру. |
| **Міндеттері** | - Білім берудегі менеджментті жетілдіру, оның ішінде корпоративтік басқару принциптерін енгізу;<br>- Білім беруде мемлекеттік- жеке әріптестік жүйесін қалыптастыру;<br>- Сапалы білімге қолжетімділікті арттыруға бағытталған білім беруді қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеу;<br>- Білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру;<br>- Оқу үрдісін автоматтандыруды енгізу үшін жағдай жасау;<br>- Жаңартылған білім беру мазмұның жетілдіруді жүзеге асыру;<br>- Мектептегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру;<br>- Өмір бойы оқыту, баршаға білім алу үшін жағдай жасау;<br>- Мектеп оқушыларының бойында «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салтын, мәдениетін қалыптастыру;<br>- жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және олардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуетін ашу тетіктерін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру. |
| **Бағдарламаны іске асыру мерзімі** | 2020 – 2025 жылдар<br>Бағдарлама бес кезеңде іске асырылатын болады: |
| **Бағдарламаның көрсеткіштері және маңызды мақсаттық индикаторлары** | - педагогтердің жалпы санынан педагог зерттеуші және педагог сарапшы қызметкерлердің үлесі – 47 %;<br>- жаңа форматты деңгейлік курстардан өткен педагогтердің жалпы үлесі - 14 %<br>- білім беру ұйымдары басшыларының 0%- менеджмент саласында біліктілігін арттырып және қайта даярлаудан өтеді;<br>- орта білім беру ұйымдарының 0% электрондық оқыту жүйесі пайдаланылады;<br>- жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы оқыған педагогтар үлесі-87%;<br>- жаратылыстану-математика пәндері бойынша білім беру оқу бағдарламаларын жетік меңгерген оқушылардың үлесі – 70%;<br>- білім беру ұйымында қамқоршылық кеңесі құрылады;<br>- ММ-інде жастардың жалпы санынан 100% жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға белсенді түрде қатысатын болады. |
| **Бағдарламаның қаржылық көлемі және қаржылық көздері** | - қаржыландыру тиісті жергілікті бюджеттен жыл сайын білім беру жүйесін дамытуға бөлінетін мөлшер негізінде жүзеге асырылады. |

## 2. Кіріспе

Қазақстанда білім беру жүйесі елеулі өзгерістер кезеңінен өтуде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы.

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Мектептегі білімнің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу, дуальді оқыту, колледждерде алғашқы жұмысшы кәсібін тегін алу, колледждер мен жоғары оқу орындарының мемлекеттік аттестаттаудан тәуелсіз аккредиттеуге өтуі заңнамамен регламенттеледі. Заманауи тенденциялардың ішінен маңызды деп «өмір бойғы білім» формуласы арқылы үздіксіз білім алу жүйесіне көшуді, білім берудің барлық сатыларында оның вариативтілігінің күшеюін, оқыту нәтижелерінің практикалық бағдарлануына талпынысының көп болуын, білім беруді ақпараттандыруды атауға болады. Сонымен бірге бұл тенденциялар бір-бірімен тығыз байланысты, бір қатарын жүзеге асыру басқалардың орындалуының шарты екені анық.

## 3. Мектеп туралы ақпараттық анықтама және ағымдағы жағдайға талдау. (мектептің өткен жұмысына талдау)

Мектеп туралы ақпараттық анықтама мәтін түрінде жазылып, онда білім беру мекемесі туралы маңызды ақпараттар мазмұндалады. Талдауға тек білім мекемесінің соңғы үш-төрт жылғы негізгі даму сипаттарын ашуға мүмкіндік беретін ақпараттар ғана алынады.

Бағдарлама мәтініне неғұрлым мәнді нәтижелердің қорытылған мәліметтерін енгізу орынды. Жанама деректерді бағдарламаға қосымша ретінде рәсімдеуге болады.

Бұл бөлімде мектеп тарихының айшықты кезеңдері мен мейлінше үздік жетістіктері қысқаша аталып өтіледі.

**Мектеп жұмысының жай-күйін төмендегі блоктар бойынша талдау ұсынылады**:

I блок. Мектепішілік басқарудың тиімділігі мен әсерлілігі.

II блок. Мектептегі инновациялық жұмыстың жай-күйі, тиімділігі және әсерлілігі.

III блок. Оқушылардың тәрбиелілік деңгейі.Ата-анамен жұмыс.

IV. блок. Оқушылар мен педагогтар ұжымдарының жоғары оқу орындарымен байланысы.

V блок. Оқушылардың даму деңгейі, білім сапасы.

VI блок. Ұжымның ҚР «Білім туралы» Заңын орындау барысындағы қызметі.

Мұнан соң келесі оқу жылында жүзеге асырылуға тиісті болатын міндеттерді жобалау қажет.

Мектепті дамытудың кез келген бағдарламасы түптеп келгенде білімнің сапасын арттыру мәселесіне бағытталады.

I. Жалпы білім беретін Айнабұлақ негізгі әкімшілік құрамы:

Ахметкалиев Б.Н – мектеп директоры

Иргалиева Г.Е –оқу ісінің орынбасары

Утегенова Г.Х. - тәрбие жөніндегі орынбасары

Оқу жылының басында әр әкімшілік мүшесі өзінің лауазымдылық міндетімен танысыты. Жоспарларын жасақтады. Жоспар бойынша жұмыстар уақытылы орындалды және мектеп бойынша тиімді жұмыс жоспар жүргізуде мектепішілік бақылау орынын тауып отырды.

Мектепішілік бақылау мен басқару жұмысын ұйымдастыруда мектеп директорының шығарған бұйрығы, тексеру комиссиясы құрылып, тексеру жұмыстары жоспары жасалды. Бақылау қорытындысының директор жанындағы кеңесте және директор орынбасары жанындаға отырыста қаралды.

II. Қазіргі таңда ұстаздарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы және терең білім беру, олардың ойлау, көру қабілеттерін жетілдіру, уақытты дұрыс пайдалану, әр түрлі әдістерді қолдану, сабақты мазмұнды да қызықты өткізу, мұғалімнің жеке басының интеллектісін дамыту, оқу іс-әрекетін, өтілетін тақырып мазмұнын аша білу.

Мектептегі білім беру сапасы көп жағдайда педагог кадрлардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігіне байланысты. ҚР «Білім туралы» заңында көрсетілгендей педагог мұғалімдер 5 жыл сайын білім жетілдіру курстарынан өтіп тұрады.

Қазіргі уақытта 2017-2018 оқу жылында 15%-ы, 2018-2019 оқу жылында 25%-ы , 2019-2020 оқу жылында 33 %-ы соңғы 3 жылда білім жетілдіру курстарынан өтті.

Өз білімдерін шыңдау мақсатында, мектебімізден Кембридж бағдарламасына негізделген Қазақстандық үлгідегі деңгейлік екінші курстан 1 мұғалім, үшінші курстан 1 мұғалім оқып, сертификатталды. Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер ұжымның 14 % құрайды. Жас мамандардан басқа мұғалімдер білімдерін уақытылы жетілдірді. Алдағы уақытта 2 мұғалімді білім жетілдіру курстарына жіберу жоспарланып отыр.

III. Тәрбие жұмысының барлық аспектілерінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ынталандыру, тәрбие іс-шараларының бір уақытта жаппай өтуіне байланысты тәрбие жұмысының барлық бағыттары тәрбие беруде тұлғалық бағытталған ыңғайға сай жүзеге асады.

Тәрбие үдерісінің мазмұны мен нәтижелері бойынша мониторинг, жұмыстың есебі мен талдамасы, маңызды сұрақтар педкеңестерде, директор жаңындағы кеңестерде, мектептің ӘБ отырыстарында қарастырылды.

Мектептің жұмыс жүйесінде тәрбие процесіне аса зор көңіл бөлінеді.

2019-2020 оқу жылында мектепішілік ата-аналар кеңесі құрылды. Ата-аналар кеңесінің жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Кеңес мүшелеріне ережелермен таныстырылды. Ата-аналар кеңестерінің мүшелерімен шығармашылық жұмыстар, тренинг, семинар сабақтар өткізілді.

IY. 2019-2020 оқу жылына қажетті мамандармен толық қамтылды. Химия, тарих, музыка, технология, физика пән мұғалімдері ЖОББ Мерей мектебінен, ЖОББ С.Жаксыгулов мектебінен келіп істейді. Мәліметтерді қорыта келе мектептің кадрлық потенциалының жақсы деңгейде екенін көруге болады.

2020-2021 оқу жылын мектеп 8 сынып комплект, 41 оқушымен оқу-тәрбие үдерісін бастады. 1-4 сыныпта- 19. 5-9 сыныпта- 22

| | 2017-2018 оқу жылы | 2018-2019 оқу жылы | 2019-2020 оқу жылы |
|---|---|---|---|
| Мектептегі жалпы оқушылар саны: | 44 | 42 | 45 |
| Сынып-комплект: | 7 | 7 | 7 |
| Мектепалды даярлық сынып: | | | |
| 1-сыныпқа қабылдау: | 9 | 5 | 7 |

**Y. Мектептің соңғы үш жыл бойынша білім көрсеткіші**

| 2017-2018 жылы | 2018-2019 жылы | 2019-2020 жылы |
|---|---|---|
| Оқу озаттары: 7 | Оқу озаттары: 4 | Оқу озаттары: 9 |
| Оқу екпінділері: 22 | Оқу екпінділері: 21 | Оқу екпінділері: 21 |
| Орташа оқитындар: 15 | Орташа оқитындар: 17 | Орташа оқитындар: 15 |
| Білім сапасы: 65 %. | Білім сапасы: 59,5 %. | Білім сапасы: 67 %. |

ҮІ. ЖББ Айнабұлақ негізгі мектебінің бастауыш және негізгі орта білім беру қызмет түрімен айналысу үшін оқыту-тәрбие процесін ұйымдастыруға материалық – техникалық жағдайы, кадрлармен толық қамтылу мүмкіндігі бар. Мектеп жұмысы ҚР «Білім туралы» Заңы, білім беру қызметін ұйымдастырудың типтік ережелері, мектеп Жарғысы негізінде жүргізіледі. Білім беру процесі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады.

**4. Бағдарламаны іске асырудың мақсаттары, міндеттері, мақсаттық индикаторлар және нәтижелерінің көрсеткіштері**

**Басты мақсат:**

Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру

**4.1. Бағдарламалық мақсаттар:**

- сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру;
- педагогтердің сапалық құрамын арттыру, кәсіби құзыреттіліктерін көтеру, беделін арттыру;

**Міндеттер:**

- педагогтер кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру;
- орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ету;
- орта білім берудің мазмұнын жаңарту;
- орта білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру;
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту.

**Мақсаттық индикаторлар**

| № | Индикатор | 2017-2018 ж. | 2018-2019 ж. | 2019-2020 ж. |
|---|---|---|---|---|
| | | % | % | % |
| | **1.Педагог кәсібінің беделін және сапалық құрамын арттыру** | | | |
| 1.1 | Жоғары, бірінші біліктілік санаты бар педагогтардың үлесі | 20 | 33 | 53 |
| 1.2 | Орта білім беру ұйымдарының әкімшілігіне арналған менеджмент саласында біліктілікті арттыру курстарының жаңартылған білім беру бағдарламаларының үлесі | 0 | 0,6 | 0,6 |
| 1.3 | Зейнеталды және зейнеткер педагогтер санының үлесі | 0 | 0,6 | 0,6 |
| 1.4 | Жас педагогтердің үлесі | 0,6 | 0 | 1,3 |
| | **2.Әдістемелік және зерттеушілік қызметтің сапалық нәтижесі** | | | |
| 2.1 | Аудандық/қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі жеңімпаздар, жүлдегерлер (лауреаттар) – білім беру ұйымдары педагогтарының үлесі | 13 | 20 | 27 |
| 2.2 | Басылымдар бюллетені | | | |
| 2.2.1 | Басылымдар бюллетенінде, журналдар, жинақтарда ғылыми-әдістемелік мақалалары, жұмыстары, тәжірибелері жарияланған мұғалімдер саны | 7 | 13 | 20 |
| 2.2.2 | Аудандық /қалалық/, аймақтық, республикалық деңгейдегі БАҚ құралдарында мақалалары жарық көрген педагогтердің үлесі | 27 | 47 | 67 |
| 2.3 | Білім беру ұйымындағы Желілік қоғамдастыққа тартылған мұғалімдердің үлесі | 20 | 27 | 50 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.4 | Мектептегі Lesson Stady (LS) дайындауға және өткізуге қатысқан педагогтер үлесі | 13 | 27 | 33 |
| 2.5 | Жеке іс тәжірибесінде тұрақты іс-әрекеттегі зерттеуді (action research -AR) қолданатын педагогтердің саны | 0,6 | 0,6 | 0,6 |
| 2.6 | Педагогика ғылымының кандидаты (докторы) дәрежесі, магистр, PhD атағы бар педагогтер саны | 0 | 0 | 0 |
| **3.Орта білім беру мазмұнын жаңарту және Оқыту мен тәрбие берудің сапалы нәтижесі** | | | | |
| 3.1 | Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілігін арттырған педагогтердің үлесі | 20 | 40 | 67 |
| 3.2 | Өз тәжірибесінде критериальды бағалау жүйесін қолданатын педагогтер үлесі | 20 | 50 | 100 |
| 3.3 | Бастауыш мектеп сатысы бойынша үздік бітірген бастауыш мектеп оқушыларының үлесі | 20 | 22 | 25 |
| 3.4 | Оқушылардың жалпы санынан үлгерімі «жақсы», «өте жақсы» (оқытудың сапасы) оқушылардың үлесі | 67 | 70 | 70 |
| 3.5 | Халықаралық, республикалық, аймақтық, аудандық /қалалық/ деңгейдегі олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің (лауреаттарының) саны | 10 | 12 | 15 |
| 3.6 | Республикалық, аймақтық деңгейдегі эксперименттік алаңдардың болуы | 0 | 0 | 0 |
| 3.7 | Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған білім беру мазмұнымен қамтылған 3-6 жастағы балалардың үлесі | 25 | 23 | 25 |
| 3.8 | Жоғары даму дағдысы мен машығы бар және мектеп жасына дейінгі 5-6 жастағы дағды мен машықтың индикаторына сай балалардың үлесі | 70 | 75 | 90 |
| 3.9 | Педагогтердің жалпы санынан «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие» мамандығы бойынша жоғары білімі бар педагогтердің үлесі | 0,6 | 0,6 | 0,6 |
| **4.АКТ қолдану** | | | | |
| 4.1 | Педагогтердің Kundelik.kz,BilimAl электрондық оқыту жүйесін пайдалану үлесі | 40 | 60 | 100 |
| 4.2 | Bilim land электрондық ресурстарын оқыту үдерісінде қолдану үлесі | 100 | 100 | 100 |
| 4.3 | Отандық, халықаралық педагогикалық желілерге тіркелген, жұмыс жасайтын, блоггер ретінде жұмыс жасайтын педагогтердің саны | 0 | 0 | 0 |
| 4.4 | 1 компьютерге келетін бала саны | 1 | 1 | 1 |
| 4.5 | Кең жолақты Ғаламтор желісіне қосылу мүмкіндігі | 0 | 0 | 0 |
| 4.6 | Оқыту үдерісінде қолдану үшін жинақтаған Электрондық ресурстар қоры бар педагогтердің үлесі | 33 | 66 | 87 |
| **5.Қамқоршылық кеңес** | | | | |
| 5.1 | Мектепте қамқоршылық кеңесі құрылады | 1 | 1 | 1 |
| **6.Материалдық-техникалық база** | | | | |
| 6.1 | Кабинеттердің жалпы санынан жаңа модификациялық (химия, биология, физика, лингафондық-мультимедиалық кабинеттер үлесі | 0 | 0 | 0 |
| 06.2 | Пәндік кабинеттер үлесі | 0 | 0 | 0 |
| 6.3 | Мұғалімнің автоматтандырылған жұмыс орнының | 0 | 0 | 0 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | үлесі | | | |
| **7.Пән мұғалімдерінің тілдік құзыреттіліктерін арттыру** | | | | |
| 7.1 | Жаратылыстану-математикалық пәндері мұғалімдерінің тілдік құзыреттілікті арттыру курстарынан өту үлесі | 0 | 0,6 | 13 |
| 7.2.1 | Тілдік құзыреттіліктері бойынша бастапқы деңгейден келесі жоғары деңгейге өткен мұғалімдер саны | 0 | 0,6 | 0,6 |
| 7.2 | Ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдердің үлесі | 0 | 0,6 | 0,6 |
| **8. Оқушылардың бойында «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идея рухани-адамгершілік құндылықты және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру** | | | | |
| 8.1 | Білім беру ұйымындағы инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасау үлесі | 0 | 0 | 0 |
| 8.2 | Қосымша білім берумен қамтылған оқушылар үлесі | | | |
| 8.3 | «Мәңгілік ел» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудағы шаралар үлесі | 25 | 35 | 50 |
| 8.4 | Мектеп оқушыларының жалпы санынан спорт секцияларына қатысушылардың үлесі | 25 | 38 | 48 |
| 8.5 | Мектеп оқушыларының жалпы санынан көркемдік, музыкалық, техникалық, ғылыми шығармашылықпен айналысатындардың үлесі | 16 | 19 | 27 |
| 8.6 | Жалпы білім беретін мектептегі спорт секцияларымен қамтылған білім алушылар үлесі, оның ішінде республикалық балалар-жасөспірімдер спорт турнирлері (оқушылардың спартакиадасы және т.б.) | 25 | 29 | 31 |

**Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар**

**(Мемлекеттік бағдарламаға сүйену арқылы мектептегі білім беру бағытының құрылымы мен мазмұны 01.09.2020 ж. бойынша)**

1. Білім беру жүйесін қаржыландыру;
2. Педагогтердің сапалық құрамын арттыру;
3. Әдістемелік және зерттеушілік қызметтің сапалық нәтижесі;
4. Орта білім беру мазмұнын жаңарту және Оқыту мен тәрбие берудің сапалы нәтижесі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.
5. АКТ қолдану;
6. Қамқоршылық кеңес;
7. Материалдық-техникалық база;
8. Пән мұғалімдерінің тілдік құзыреттіліктерін арттыру;
9. Оқушылардың бойында «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;

- **I. Білім беруді қаржыландыру**

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|---|---|
| • Еңбекақыда ешқандай қарыз жоқ<br>• МТБ жақсаруда, қаржы тұрақты бөлінеді<br>• Білім жетілдіру курстарынан өту тиісті қаржылануда<br>• Қосымша білім беруге қаржы бөлініп отыр | • Мектеп ғимаратының ескі болуы<br>• Мектеп ғимаратының оқу бөлмелерінің тар болуы<br>• Мектеп спорт залының жоқтығы<br>• Талапқа сай оқу зертханалары мен шеберханалардың жабдықталмауы |

| | |
|---|---|
| • Мектеп алды даярлықты қаржыландыру іске асырылып отыр<br>• | |
| **Мүмкіншіліктер** | **Қауіп-қатерлер** |
| • Үштілді мамандарды даярлау және қайта даярлау<br>• Кеңжолақты интернетке шығу мүмкіндігі<br>• Демеушілер іздеу, қамқоршылық кеңесін құру | • мұғалім еңбек ақысының орташа еңбек ақыға жетпеуіне байланысты басқа жұмысқа ауысуы<br>• демографиялық өсу төмендігіне байланысты оқушы саны азайып сынып-комплектілерінің толмауы |

**Білім беру жүйесін қаржыландыру**

**Мақсаты:** білім беру қызметіне тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған қаржыландыру жүйесін жетілдіру

**Міндеті:** білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған білім беруді қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеу

**Нысаналы индикатор**

Қаржыландыру көзін басқа мүмкіндіктер арқылы табу:
дұрыс смета жасау, гранттарға қатысу, демеушілер табу;

## II. Педагог кәсібінің беделін және сапалық құрамын арттыру

| **Күшті жақтары** | **Әлсіз жақтары** |
|---|---|
| • жаңа форматтағы білім көтеру<br>• бірінші санатты мұғалімдер санының артуы<br>• педкадрлармен толық қамтамасыз етілуі | • гендерлік сәйкессіздік (әйел мұғалімдердің басым болуы)<br>• педагогты ынталандырудың әлсіздігі<br>- әлеуметтік жағдайдың төмендігі |
| **Мүмкіндіктері** | **Қауіп-қатері** |
| • қосымша білім беру арқылы қаржы табу | • оқушы контигентінің азаюы<br>• жұмыссыз қалу |

**Мақсаты:**

Педагог мамандығының беделін көтеру.

**Міндеттері:**

- Білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету.
- Педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейту.

**Нысаналы индикатор:**

- Жалпы педагогтердің санынан жоғары және бірінші санаты бар білікті жоғары педагог қызметкерлердің үлесі (2020 жылы –40 %).
- Жаңа форматты деңгейлік курстардан өткен педагогтардың жалпы үлесі – 13 %
- Арнаулы орта білімді педагогтардың жоғары білім алуын қамтамасыз ету;
- Білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету
- Білім беру сапасы, бірінші кезекте, сапалы даярлығы бар оқытушылармен айқындалады.
- 2020 жылға дейін біліктілікті арттырудан жыл сайын 2-3 адам өтеді деп жоспарлануда.
- Жыл сайын мектепке дейінгі және орта білім жүйесінің педагог кадрларының біліктілігін арттыруға мемлекеттік тапсырыс арттырылады. Оның ішінде мына мамандар үшін:

– Жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыру;

- Педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейту;
- Педагогтың кәсіби мәртебесін көтеру үшін бірқатар шаралар атқарылады;
- Өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру педагог портфолиосында көрінетін қызметінің ажырамас бөлігі болып табылатын болады. Мұғалімнің кәсіби беделін көтеру мақсатында қоғамда педагогтің оң имиджін қалыптастыру жұмыстарына қатысу;
- Аудандық /қалалық/ «Жыл мұғалімі» конкурсы, акциялар, БАҚ-пен ортақ жобалар, шеберлік сыныптары, жаңашыл педагогтар форумдары, конкурстар, педагогтар әулеттерінің слёттері, ғылыми-педагогикалық семинарлар мен симпозиумдар, семинар-тренингтер және дөңгелек үстелдерге мұғалімдерді қатыстыру.

| № | Шара | Аяқталу түрі | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Аудандық, облыстық «Жыл мұғалімі» байқауларына қатысу | Байқау қорытын дылары | Уақытында | ДТІЖО |
| 2 | «Озат тәжірибе» шеберлік сыныптарын өткізу | Шеберлік сыныптары | Оқу жылы ішінде | ДОІЖО |
| 3 | Мұғалімдердің біліктілік санатын көтеру | Аттестациялық комиссия ның шешімі | Уақытында | Мектеп әкімшілігі |
| 4 | Жаңа форматта деңгейлік курстардан өтетін педагогтардың санын көбейту | Жаңа форматты мұғалім | Кесте бойынша | Мектеп әкімшілігі |
| 5 | Арнаулы орта білімді педагогтардың жоғары білім алуын қамтамасыз ету | Білім стандартын орындау | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі |
| 6 | Мұғалімдердің магистратураға түсуін, кәсіпорындарда және шетелде тағылымдамадан өтуін қолдау | Жаңартыл ған білім мазмұнына көшуде Тәжірибе алмасу мектебін ашу | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі |
| 7 | Педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейтуге ықпал ету | Ынталандыру | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі |

### III. Әдістемелік және зерттеушілік қызметтің сапалық нәтижесі;

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|---|---|
| • PISA және TIMSS халықаралық зерттеулеріне дайындауға негіздлген қосымша жұмыстар ұйымдастырылған<br>• Педагогардың іс – тәжірибелері облыс, республика көлемінде таратылған<br>• қаржыландыру іске асырылып отыр<br>• педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесі қарқынды дамыған<br>• Назарбаев зияткерлік мектебінің іс – тәжірибелеріне сүйене отырып, жұмысты ұйымдастыру; | • Педагог кадрлардың ақпараттық технологиялармен жұмыс жасауға мүмкіндік жоқ;<br>• Онлайн жүйесімен қашықтан оқыту жүйесі әлсіз;<br>• Электрондық сабақтар, флипчарт сабақтарының жиынтық базасының жоқтығы;<br>• Педаогог кадрлардың ғылыми – әдістемелік деңгейі төмен; |
| **Мүмкіншіліктер** | **Қауіп-қатерлер** |

| | |
|---|---|
| • Бірыңғай электрондық оқулықты пайдалануды жүзеге асыру; | • Бағдарламаны іске асыру барысында бірлесіп орындаушылардың үйлесімсіздігі. |

**Мақсаты:** мектеп жаңа сапалы білім орны және әрбір педагог пен оқушының жоғары дәрежесі мен жетістігі болуы қажет

**Міндеті:** мектептегі оқыту жүйесін оқушы мен педагог құзырлылығын дамыту нгізінде ұйымдастыру арқылы білім сапасын жетілдіру

**Нысаналы индикатор:**

- Жаңа форматты деңгейлік курстардан өткен педагогтардың жалпы үлесін көбейту
- Арнаулы орта білімді педагогтардың жоғары білім алуын қамтамасыз ету;
- Білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету
- Жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- Педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейту;
- Педагогтың кәсіби мәртебесін көтеру үшін бірқатар шаралар атқарылады;

Аудандық /қалалық/ «Жыл мұғалімі» конкурсы, акциялар, БАҚ-пен ортақ жобалар, шеберлік сыныптары, жаңашыл педагогтар форумдары, конкурстар, семинар-тренингтер және дөңгелек үстелдерге мұғалімдерді қатыстыру

| № | Шара | Аяқталу түрі | Мерзімі | Жауапты | Қаржылан-дыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Озат тәжірибе» шеберлік сыныптарын өткізу | Шеберлік сыныптары | 2020-2025 | ОІЖО | |
| 2 | Мектепке педагогтардың мастер класын, педагогикалық зертханасы мен шеберханасын ұйымдастыру | Педагогикалық зертханасы | Тұрақты | Мектеп әкімшілігі | |
| 3 | Жаңа форматта деңгейлік курстардан өтетін педагогтардың санын көбейту | Жаңа форматты мұғалім | Кесте бойынша | Мектеп әкімшілігі | |
| 4 | Мектепте зерттеу жұмысымен айналысатын топ құру | | 2020-2025 | Шығармашылық топ | |

## IV.Орта білім беру мазмұнын жаңарту және Оқыту мен тәрбие берудің сапалы нәтижесі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|---|---|
| • Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін үлгілік бағдарламасы және мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламасы енгізілді<br>• Оқу тәрбие барысында жаңартылған білім беру мазмұнына көшуі<br>• Сабақ беру, бағалау жүйесінің өзгеруі | • Мектепке дейінгі ұйымның дене тәрбиесі әрекеттеріне керекті құралдардың жетіспеуі<br>• Оқу тәрбие барысында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бағалаудың тиянақты орнықпауы |
| **Мүмкіншіліктер** | **Қауіп-қатерлер** |
| • Оқушылардың көп тілді меңгеру | • Оқу тәрбие барысында |

| | |
|---|---|
| мүмкіндігі<br>• Оқушылардың функционалдық сауаттылығының артуы | жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бағалаудың тиянақты орнықпауы сапалы білім алуға қауіп-қатер төндіруі мүмкін |

**Орта білім беру мазмұнын жаңарту және Оқыту мен тәрбие берудің сапалы нәтижесі**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.**

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету. Сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру.

**Міндеттер:**

1. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагог кадрларының сапалық құрамын жақсарту және педагог кәсібінің беделін көтеру 2020 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдардағы мамандандырылған жоғары және техникалық және кәсіптік білімі бар педагогтердің үлесін 50 %-ға дейін арттыру жоспарлануда.
2. Педагог кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру

Педагогтерге қойылатын талаптарды күшейту шаралары қарастырылуда. Өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру педагог портфолиосында көрінетін педагог қызметінің ажырамас бөлігіне айналады.

| № | Шаралар | Аяқталу түрі | Мерзімі | Жауапты | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Критериалды бағалауды түсіну » жаңартылған білім беру мазмұны бойынша | Ата-аналар жиналысы | 2020-2021 | ОІЖО | |
| 2 | ЖОО –мен кәсіптік техникалық білім беру орындарымен байланысты нығайту, жолға қою арқылы кәсіби пәндерді жүргізуіне баулу. | | 2020-2023 | Мектеп әкімшілігі | |
| 3 | **TIMSS(математика және жар. 4,8 кл.)- PIRLS(баст.) халықаралық зерттеулерге дайындауға негізделген қосымша жұмыстар ұйымдастыру:**<br>-таңдау курстардың өрісін кеңейту;<br>-пәндік үйірмелер,шығармашылық үйірмелерді жетілдіру;<br>- тоғызқұмалақ, шахмат үйірмелерін ұйымдастыру; | | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі | |
| 4 | Сынақ, рейтингтік бағалауды, портфолионы қолдана отырып, оқушы жұмысын бағалау формаларын жетілдіру | | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі | |
| 5 | Педагогтардың іс-тәжірибелерін облыс,республика көлемінде тарату үшін әдістемелік құралдарын әзірлеуге жағдай жасау; | | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | Әр балада азаматтық көзқарасты жүзеге асыруда жақсы жағдай орнату, тәжірибені және азаматтық мәдениетті әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру; | | 2020-2023 | Мектеп әкімшілігі | | |

## V. АКТ қолдану

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|---|---|
| • Жаңа форматта сабақ беру;<br>• Білім беру барысында оқушылардың жоғары жетістіктерге жетуіне көп жағдай жасайды;<br>• Қашықтан оқу, қашықтық олимпиадаларға, байқауларға қатысу;<br>• Интернеттің көптеген мүмкіндіктерін пайдалану;<br>• Bilimland – ты сабақта қолдану<br>• Кабинеттердің проекторлармен, интерактивті тақталармен жабдықталуы; | • Мультимедиялық кабинеттердің жоқтығы;<br>• Интернеттің компьютерлерге жалғанбауы;<br>• WI – FI – дың мектепке таратылмауы; |
| **Мүмкіншіліктер** | **Қауіп-қатерлер** |
| • Жаңа технологиялар арқылы оқушылардың сабаққа деген белсенділіктерін арттыру;<br>• Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;<br>• онлайн ресурстарды қолдану; | • Үнемі АКТ – мен жұмыстану денсаулыққа зиян тигізеді;<br>• Электрондық оқулықтардың қарқынды дамуынан кітапханалардың жойылу қаупі;<br>• Оқушылар мен мұғалімдердің ізденімпаздық қабілеттерінің төмендеуі; |

**АКТ – ны қолдану**

**Мақсаты:** білім беру жүйесінде мұғалімдер мен оқушыларды АКТ – ның мүмкіндіктерін кең көлемде қолдануға бағыттау;

**Міндеті:** білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін мектеп АКТ – ның санын арттыру;

**Нысаналы индикатор**

-Педагогтар жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалану үшін жағдай жасау;

| № | Шаралар | Аяқталу түрі | Мерзімі | Жауапты | Қаржыландыру көзі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері» | Семинар - тренинг | 2021-2022 | Информатика пәні мұғалімі | | |
| 2 | Интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін сабақта қолдану | Мастер - класс | 2021-2022 | | | |
| 3 | АКТ – ның санын көбейту | Демеушілер іздеу | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Педагог қызметкерлердің АКТ – ны қолдану біліктіліктерін арттыру | Ынталандыру | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі | | |
| 5 | Интернетке қосылған компьютердің санын көбейту | | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі | | |
| 6 | Педаогог қызметкерлерге көмекші электрондық жабдықтардың жеткілікті болуын қадағалау | | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі | | |

### VI. Қамқоршылық кеңес

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|---|---|
| • Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы мен күнкөрісі төмен отбасыларға көмек көрсету;<br>• Қайырымдылық көмек тарту және оны жұмсау жөніндегі шешімдерін мақұлдау<br>• Қайырымдылық көмектің жұмсалуы | • Кеңес жұмысы қаржыланбайды;<br>• Жұмыстың жүйелі жүргізілуі. |
| **Мүмкіншіліктер** | **Қауіп-қатерлер** |
| • Демеушілер, жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары мен ауыл азаматтарын тарту. | • Кеңес жұмысының тиімсіздігі |

**Мақсаты:** Білім беру ұйымына қолдау көрсету. Атап айтқанда, оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығаюына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу.

**Міндеті:**

1. Қамқоршылық кеңесі жылына 4 мәртеден кем емес отырыс өткізеді.
2. Қаралған сұрақтар бойынша қамқоршылық кеңесі шешім қабылдап, білім беру мекемесінің әкімшілігі мен педагогикалық кеңес мәліметіне жеткізеді.
3. Қамқоршылық кеңесінің білім беру мекемесі материалдық-техникалық базасын дамыту үшін берген қаражат қаржыларын білім беру мекемесінің пайдалануы туралы жарты жылда бір рет директор есеп береді.
4. Білім беру мекемесін дамыту мүддесі үшін бюджеттен тыс қаржыны мақсатты және тиімді пайдалануы үшін жауапты.
5. Білім беру мекемесінің бюджеттен тыс қаржысының шығысын бақылайды.
6. Қамқоршылық кеңесінің барлық шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады.
7. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінң ата-аналар комитеті алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

**Нысаналы индикатор**
Қамқоршылық кеңес жұмысының нәтижеге бағытталуы

| № | Шаралар | Аяқталу түрі | Мерзімі | Жауапты | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Қайырымдылық», «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру | | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі | |
| 2 | Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасының балаларына бекітілген тізім бойынша материалдық көмек көрсету, есеп беру | Жиналған қор таратылады | 2020-2025 | Мектеп әкімшілігі | |
| 3 | Әлеуметтік жағынан қорғауды қажет ететін оқушылардың арасынан президенттік және аудан әкімінің шыршасына қатысатындарды анықтау | Тізім жасау | 2020-2025 | Әлеуметтік педагог | |

**VII. Материалдық-техникалық база;**

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|---|---|
| • Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы мен күнкөрісі төмен отбасыларға көмек көрсету;<br>• Қайырымдылық көмек тарту және оны жұмсау жөніндегі шешімдерін мақұлдау<br>• Қайырымдылық көмектің жұмсалуы. | • Кеңес жұмысы қаржыланбайды;<br>• Жұмыстың жүйелі жүргізілуі. |
| **Мүмкіншіліктер** | **Қауіп-қатерлер** |
| • Демеушілер, жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары мен ауыл азаматтарын тарту. | • Кеңес жұмысының тиімсіздігі |

| № | Шаралар | Аяқталу түрі | Мерзімі | Жауапты | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сынып кабинеттерін жаңа жиһазбен қамтамасыз ету мәселесін шешу; | | 2020-2021<br>2021-2022 | Мектеп директоры | Жергілікті бюджет |
| 2 | Асхана құрал-жабдықтармен толықтыру | | 2021-2023 | Мектеп директоры | Жергілікті бюджет |
| 3 | Мектеп кітапханасы ақпараттандыру, электронды оқулықтармен толықтыру;<br>Кітапхана қорын оқулықтармен, әдістемелік және көркем әдебиетпен толықтырылуын ұйымдастыру. | | Тұрақты | Мектеп директоры Кітапханашы | Жергілікті бюджет |
| 4 | Мектепке дейінгі топтар үшін ойын бөлмесін жабдықтау; | | Тұрақты | Мектеп директоры | Жергілікті бюджет |

## VIII. Пән мұғалімдерінің тілдік құзыреттіліктерін арттыру;

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|---|---|
| • АКТ-ны қолдануда сөздік қорлары молаяды<br>• Қазіргі заман талабына сай тілдің құндылығын артыру<br>• Білім жетілдіру курстарынан өту тиісті қаржылануда | • Арнайы әдебиеттердің жоқтығы<br>• Электрондық білім беруді іске асыруға қаржы тапшылығы<br>• Тілдік орта;<br>• Ағылшын тіліне деген көзқарастың төмендігі; |
| **Мүмкіншіліктер** | **Қауіп-қатерлер** |
| • Үштілді мамандарды даярлау және қайта даярлау<br>• Тіл клубтарының жұмысын жандандыру | • |

**Пән мұғалімдерінің тілдік құзыреттіліктерін арттыру**

**Мақсаты:** Көптілді мәдениетті білім беру құралдары арқылы дамытудың әдістемелік негіздерін қалыптастыру; тіл мұғалімдерінің қызметтілік сауаттылығын дамыту; Тіл мұғалімдеріне кеңес беру және ақпараттық қолдау жүйесін жасақтау.

**Міндеті:** Бүкіл білім жүйесін жаңартып, үйлесімді дамуына, жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі мектеп құру.

**Нысаналы индикатор**

| № | Шаралар | Аяқталу түрі | Мерзімі | Жауапты | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жаратылыстану бағытындағы пән мұғалімдерін ағылшын тілі курстарына жіберу | Курс | 2022-2023 | ОІЖО | |
| 2 | «Үш тұғырлы тіл» саясатын жүргізу бағытында іс-шаралар өткізу | Іс-шаралар | Тұрақты | ОІЖО<br>ТІЖО | - |
| 3 | «Үш тілділік – болашақ бағдары» атты Тіл мерекесі. | Апталық | 2021-2022 | ТІЖО | - |
| 4 | Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдері апталықтары | Апталық | 2020-2021 | ОІЖО<br>Пән мұғалімдері | - |

**Айнабұлақ жалпы білім беретін негізгі мектебі**

2020 – 2025 жылдарға арналған мектептің дамыту жоспарының бет саны: 17 (он жеті) бет нөмірленіп, тігілді.

Мектеп директоры Б.Н.Ахметкалиев